

**«№ 2 Қарауылкелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
мектепшілік өзін-өзі бағалау есебі**

- 1- Бөлім Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет.
- 1. Білім беру ұйымының атауы, орналасқан жері (занды мекен жайы және нақты орналасқан жерінің мекен жайы)**
-«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№2 Қарауылкелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылдық округі, Қарауылкелді ауылы, көшесі Сағи Жиенбаев, ғимарат 9, пошта индексі 030300
- 2. Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта)**
- Телефон 87024069616
- Электрондық пошта – berkair88@mail.ru /
- Әлеуметтік желідегі парақшалары:
- 3. Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)**
- Мектеп директоры – Онгаров Беркайыр Шуйшбекович, ұялы телефоны 87024069616
- Лауазымға тағайындау туралы, Байғанин ауданының білім бөлімі 28.02.2023 жылғы №15 бұйрығы
- 4. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары**
Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама
БСН 151040019210 2015 жылғы 22 қазан
Занды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама
БСН 151040019210 2021 жылғы 13 қаңтар
Лицензия KZ 35LAA00021008
Жарғы 2021 жылғы 13 қаңтар тіркеу номері №143-1904-121419
Медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия
2016 жылы 17 маусымда №D.03.X.KZ46VBS00033062

Мектептің алқалы басқару органы – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС.

Мектептегі басқару педагогикалық ұжымының қызметін дамыту және ағымдағы жоспарлау арқылы жүзеге асырылады. Жыл сайын педагогикалық ұжымның барлық бағыттар бойынша оқу – тәрбие процесінің қызметі егжей – тегжейлі талданады, қойылған міндеттердің орындалуына талдау жасалады және келесі оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер айқындалады. Талдамалық жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі, инновация мен үнемі даму режимінде жұмыс істейтін мектептің миссиясы мен жалпы қызметінің ерекшелігін көрсетеді, сондай ақ оқушылар мен педагогикалық құрамның жеке көрсеткіштерін ескереді.

2025 жылға дейін мектептің даму жоспары әзірленді (2023-2025) және оның барлық бағыттар бойынша орындалу мерзімі педагогикалық кеңестерде қаралады. Мектептің табысты жұмысын көрсеткіштері мониторингте

көрсетіледі, соған сәйкес оқу жылының жалпы мектеп жоспарына мақсатқа жетпеген критерийлер бойынша түзетулер енгізіледі.

Мектепте барлық қызмет бағыттарын қамтитын оқу –тәрбие жұмысының жалпы жоспары әзірленеді. Мектептің жылдық жұмыс жоспары алдыңғы оқу жылындағы мектептің жұмыс нәтижелерін таңдауды және барлық бөлімдер бойынша жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қамтиды. Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес жұмыс қорытындылары педагогикалық кеңестерде, директордың қатысуымен өтетін жиналыстарды, әдістемелік кеңестерде әдістемелік бірлестіктерде тыңдалады.

Мектептің миссиясы: Көшбасшылықты дамыту

Пайымы: Қолдау. Жігерлендіру. Дамыту.

Әдістемелік тақырыбы: Инновациялық технологияны жүйелі қолдану – білім сапасын арттырудың тиімді жолы.

Мақсаты: Сапалы білім беру арқылы бәсекеге қабілетті, өмір бойы білім алуға дайын, өзінің іс –әрекетіне жауапкершілік сезімі қалыптасқан, елінің патриоты болатын тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

Директорың орынбасарларына : Мұғалімдерге оқу платформаларының мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға арналған курстар өткізуді жалғастыру. Жас мамандарға жан-жақты әдістемелік қолдау көрсету жұмысын күшейту.

Тәжірибе алмасу жұмысын жандандыру.

Білім лушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру бойынша жұмысты бақылау.

Қалалық, Республикалық түрлі байқаулар мен сайыстарға мұғалімдердің қатысуын ұйымдастыру.

Инновациялық жобалардың жүйелі жүргізілуін қадағалау, қолдау көрсету «Жазғы мектеп» жұмысын келесі жаз айында жалғастыру

Директордың шаруашылық меңгерушісіне:

- Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстарын жалғастыру.
- Мұғалімдерді канцтауарларымен қамтамасыз ету жұмысын жалғастыру.
- Мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстарын жалғастыру.
- Санитарлық – эпидемиологиялық талаптардың сақталуын бақылау.

Сынып жетекшілерге:

- Мұғалім, оқушы, ата-ана арасындағы байланыс жұмысын күшейту, оқушыларға қолдау көрсету жұмысын жандандыру.
- Жас Ұлан ұйымымен бірге адалдық алаңы жұмысын жандандыру
- Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізуді жандандыру
- «Мектеп – ата –ана консилиумы» мектеп ата –ана қарым –қатынасының жаңа форматы бойынша жұмыс жүргізу.

Барлық пән мұғалімдеріне

- Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру бойынша жұмыс жоспарын құру, жеке қолдау көрсету, қажеттіліктерін зерделеу.
- Оқу платформаларының мүмкіндіктерін жан-жақты пайдалану арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру.

- Іс –әрекетті зерттеу бойынша жүйелі дұрыс жүргізу, тәжірибе алмасу жұмысын күшейту.
- «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру
- Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру.
- Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыруды жандандыру.

Мектеп психологтарына

- Оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға психологиялық қолдау жұмысын күшейту.

Кітапхана меңгерушісіне

- 1-11 сынып оқушыларын оқулықпен толық қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыруды жалғастыру
- «Мен оқығанды ұнатамын» міндетті көркем әдебиет оқу жобасы жұмысын жалғастыру.

Мектептің басым бағыттары

- Үздіксіз білім беру жүйесін дамыту арқылы педагогикалық ұжымның кәсіби құзыреттілігін арттыру
- Оқу мен тәрбие беру үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын белсенді қолдану.
- Интеллектуалды сайыстар мен олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің санын арттыру.
- Іс –әрекетті зерттеу жүргізетін педагогтер санының артуы
- Білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін педагогтердің бірлескен жұмысын арттыру
- Ұлттық құндылық арқылы оқушыларды тәрбиелеу, өмірде табысты әлеуметтені үшін жағдай жасау

2-бөлім. КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ТАЛДАУ.

2.1 Білім беру ұйымдарына қойылатын біліктілік талаптарын сақтау:

Мектептегі біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына ҚР Оқу –ағарту министрінің 14.04.2023 №100 бұйрығына енгізілген өзгерістермен сәйкес сақталады.

Педагогтердің оқу –әдістемелік қызметін диагностикалау бойынша табысты жұмыс жүргізу үшін педагогикалық ұжымның дамуына үздіксіз мониторинг жүргізіледі.

Мектептің кадрлық әлеуеті тұтастай алғанда тұрақты болып, кәсіби біліктіліктілігі мен өз еңбегінің нәтижелеріне деген жауапкершілігі жоғары деңгейде.

2023-2024 оқу жылында

- Педагогикалық қызметкерлердің жалпы саны -41
- Оның басшы қызметкерлер -3
- қосалқы педагогтер – 5

Мектеп әкімшілігінің сапалық құрамы

№	Т.Ә.Ж.	лауазымы	білімі	Жұмыс өтілі	санаты
1	Онгаров Беркайыр Шуйшбекович	Директор	Жоғары Қ.Жұбанов ат АМУ, 2010	14	Педагог- зерттеуші 2021ж
2	Жанғалиева Гулжанар Болатовна	Оқу ісі жөніндегі орынбасар	Жоғары, Ақтөбе мемлекеттік университеті, 1998	25	Педагог- зерттеуші 2019ж
3	Меңдеш Гүлзира Жұмабайқызы	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар	Жоғары Қ.Жұбанов ат АМУ, 2015	8	Педагог- сарапшы- 2020

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық педагогы

№	Т.Ә.Ж.	лауазымы	білімі	Жұмыс өтілі	санаты
1	Әріп Жаңабай Қожаұлы	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық жетекшісі	Жоғары, М.Өтемісова ат БҚ университеті, 2020 жыл	35	Педагог- сарапшы 2019ж

Әлеуметтік педагог

№	Т.Ә.Ж.	лауазымы	білімі	Жұмыс өтілі	санаты
1	Жанабаева Ләззат Тасымқызы	Әлеуметтік педагог	Жоғары, Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2021	2	

Педагог психологтар

№	Т.Ә.Ж.	лауазымы	білімі	Жұмыс өтілі	санаты
1	Мажикова Жансая Үсенқызы	психолог	Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті 2009	13	Педагог- зерттеуші 2022ж

Педагогикалық ұжымның сандық құрамы

Лауазымы	2023-2024
Педагогтар саны	41
Кітапханашы	1
Әлеуметтік педагог	1
Педагог психолог	1
Қосымша білім беру педагогы	1
Ұйымдастырушы педагог	1
Бала күтіміне байланысты декреттік демалыста отырған педагогтер	1

Мұғалімдердің білімі бойынша деректер:

2023-2024 оқу жылында 41 педагогтің 38 мұғалімнің жоғары білімі бар 92% , педагог магистр дәрежесін алған мұғалім жоқ, 3 мұғалімнің арнайы – орта білімі бар 7,3 %.

Қорытынды :

Педагогтерді жұмысқа қабылдау конкурстық негізде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына сәйкес жүргізіледі (егер вакантты сағат 0,5 мөлшерлемеден асатын болса) онда осы мұғалімдердің дайындық деңгейі жоғары, оқытудың белсенді нысандарын, АКТ меңгерген, негізгі жұмыс орны бойынша курстардан уақытылы өтеді дегенді білдіреді. Мектеп әкімшілігі мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес осы пәндердің жүргізілуін бақылайды және Білім класс электронды журналының толтырылуын қадағалайды. Тағы да міндеттердің қатарында – мектептің тұрақтылығы мен сапалық көрсеткіштерінің өсуіне қол жеткізуде қолда бар кадрлық ресурстарды одан әрі тиімді пайдалануды қамтамасыз ету кіреді.

2.2 Педагогтерді аттестаттау жұмысы

Мақсаты: педагогтердің аттестаттаудан өтуіне қолдау көрсету. Мектепте аттестаттау комиссиясының құрамы бекітілді, жоспарға сәйкес жұмыс жүргізіледі, аттестаттаудың даму жоспары бекітілген. Жаңа форматтағы аттестаттаудан мектептің 92% өтті.

Мемлекеттік білім беру ұжымының басшыларының аттестаттаудан өтуі туралы мәлімет (үш жылда бір рет)

Мектеп әкімшілігі әр үш жылда аттестаттаудан өтеді.

Қорытынды: мектептің кадрлық әлеуеті айтарлықтай жоғары, аттестаттаудан өтудің даму жоспарына сәйкес өтеді, үнемі әкімшілік және МО жетекшілерінің бақылауында болады, біліктілік санатын беру туралы куәліктерді есепке алу кітабы бар.

2.3 Педагогтердің білімін жетілдіру курстарына қатысу жұмысы

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай –ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығына ҚР Оқу ағарту министрінің 03.10.2022 №415 бұйрығымен өзгеріс енгізілген ереже негізінде жүргізілді.

2023-2024 оқу жылына 7 педагог біліктілік курстан өтті. Психолог, тәлімгер, әлеуметтік педагог

«Мектеп командасы» курсына мектеп директоры, 2 мұғалім өтіп келді.

Қорытынды: Мұғалімдер біліктілікті арттыру курстарын даму жоспары мен кестеге сәйкес 3 жылда 1 рет оқиды, әсіресе пәндік саладағы құзыреттілікті дамыту, инклюзия және IT бойынша пәндік курстарға ерекше назар аударылады.

2.4. Педагогтердің кәсіби конкурстарға қатысуы

Жыл сайын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен республикалық конкурстар мен жарыстардың, аудандық, қалалық кезеңдерінің, қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаға педагогтер туралы мәлімет.

Кәсіби конкурстарға қатысқан мұғалімдердің тізімі 2023-2024 оқу жылы

№	Іс –шараның атауы	Мұғалімнің аты –жөні	қорытынды
1	«Үздік эссе» облыстық байқауы	Темірбаева Нұрбакыт Бауыржанқызы	2- орын
2	«Үздік эссе» облыстық байқауы	Кесікова Зульфара Қожағалиқызы	3- орын
3	«Үздік эссе» облыстық байқауы	Санғалиева Гүлзат Сембайқызы	3-орын
4	«Үздік педагог -2024» республикалық онлайн байқауы	Кесікова Зульфара Қожағалиқызы	«Үздік педагог - 2024»
5	«Үздік педагог -2024» республикалық онлайн байқауы	Санғалиева Гүлзат Сембайқызы	«Үздік педагог - 2024»
6	Халықаралық педагогикалық олимпиада қазақ тілі пәні	Әжібекова Гулнар	Сертификат
7	Ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған «Үздік цифрлық сабақ» байқауы	Оразалина Назерке Есболатовна	3-орын
8	«Үздік бастауыш мұғалімі -2023» аудандық байқауы	Кесікова Зульфара Қожағалиқызы	2 орын
9	«Үздік дене шынықтыру пәні мұғалімі- 2023» аудандық байқауы	Бекес Азат Асылбекұлы	Алғыс хат
10	«Жасөспірімдер шығармашылығы -2024» аудандық байқауы	Мамай Сенбай Құсайынұлы	Алғыс хаты

Қорытынды: Педагогтер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы негізіндегі Республикалық кәсіби шеберлік конкурстары мен олимпиадаларға жыл сайын қатысады.

2023-2024 оқу жылына аудандық, облыстық семинарлар шебер-сынып өткізіп, іс –тәжірибесімен бөліскен педагогтер :

1. Кесікова Зулфара – бастауыш пәні мұғалімі
2. Жуканова Наргүл Кинбаевна – көркем еңбек пәні мұғалімі
3. Көшерова Гүлмира Рахметтоллаевна – информатика пәнінің мұғалімі
4. Бекес Азат Асылбекұлы – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
5. Ануарбекова Алина Баубекқызы – химия пәнінің мұғалімі
6. Оразалина Назерке Есболатовна – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Оқу жылында іс әрекетті зерттеу сабақтары жүргізілді. 3 сынып, 7 ә сыныптарына жыл бойы зерттеу сабақтары жүргізілді.

Дарынды балалармен жұмыс

Аудандық білім бөлімі аясында өткен жалпы білім беретін пәндерден Республикалық олимпиададан № 2 Қарауылкелді орта мектебі бойынша жүлдегерлер тізімі

№	Оқушының аты - жөні	Қатысқан конкурс атауы	Пәні, бағыты	Класс	Аудандық	Облыстық	Жетекшісі
1	Қылышбаев Әли	«Ақберен байқауы»	Көркем сөз	10	3		Меңдеш Гүлзира
2	Еркінова Меруерт	«Ақберен байқауы»	Эссе	10	3		Меңдеш Гүлзира
3	Агайданова Акерке	«Ақберен байқауы»	Шешендік өнер	9	1	-	Меңдеш Гүлзира
4	Рахметқызы Әсел	Аламан олимпиадасы	Химия	9	1	2	Ануарбекова Алина
5	Агайданова Акерке	Аламан олимпиадасы	Биология	9	3		Әкімгереева Әйгерім
6	Әбдірова Іңкәр	Аламан олимпиадасы	География	9	3		Саркитбаева Уштап
7	Әбдірова Іңкәр	Дарынды жас ғалым ғылыми жоба	География	9	3		Саркитбаева Уштап
8	Бергенова Алтынзер	Тәуелсіз елім кең байтақ жерім	Эссе	8	3		Жакупова Әсімхан
9	Еркінова Меруерт	Тәуелсіз елім кең байтақ жерім	Эссе	10	2		Жанабергенова Гулнур
10	Әбдірова Іңкәр	Төл теңгенің 30 жылдығы	Эссе	9	3		Жанабергенова Гулнур
11	Талап Мұхтар	Алтын сақа 5-6 кл	Математика	6	3		Махамбетова Каракоз
12	Амандықұлы Батырхан	Алтын сақа 5-6 кл	Математика	6	3		Махамбетова Каракоз
13	Амангелді Нұрислам	Алтын сақа 5-6 кл	Математика	5	3		Махамбетова Каракоз
14	Дәулет Асқар	2-7 сынып оқушылары арасында Зерде Республикалық зерттеу жобасы	Информатика	6	1		Көшерова Гүлмира
15	Мұхтарова Айсана	2-7 сынып оқушылары	Химия	7 «а»	1		Ануарбекова Алина

		арасында Зерде Республикалық зерттеу жоб					
16	Бакбергенова Диляра	2-7 сынып оқушылары арасында Зерде Республикалық зерттеу жобасы	Қазақ тілі казак әдебиеті	7 «ә»	1		Жалдыбекова Сандуғаш
17	Сәндібаева Дарига	2-7 сынып оқушылары арасында Зерде Республикалық зерттеу жобасы	Физика	7 «а»	1		Жанғалиева Гүлжанар
18	Мирманова Инжу	2-7 сынып оқушылары арасында Зерде Республикалық зерттеу жобасы	Физика	7 «а»	1		Жанғалиева Гүлжанар
19	Айтқұлова Аружан	2-7 сынып оқушылары арасында Зерде Республикалық зерттеу жобасы	Ағылшын	7 «а»	3		Оразалина Назерке
20	Дихандық Медина	2-7 сынып оқушылары арасында Зерде Республикалық зерттеу жобасы	Ағылшын	7 «а»	3		Оразалина Назерке
21	Орысбаева Кәусар	2-7 сынып оқушылары арасында Зерде Республикалық зерттеу жобасы	География	7 «ә»	3		Саркитбаева Уштап
22	Сағындыққызы Назым	2-7 сынып оқушылары арасында Зерде Республикалық зерттеу жобасы	Бастауыш	2 «ә»	2		Кесікова Зульфара
23	Қуанова Таңшолпан	Махамбет оқулары	«Біз неткен ер,неткен ер?Сергелдең мен өткен ер Жоба	9	1	2	Мендеш Г
24	Бергенова Гаухар	Махамбет оқулары	«Біз неткен ер,неткен ер?Сергелдең мен өткен ер Жоба	11	2		Жалдыбекова С
25	Еркінова Мөлдір	Махамбет оқулары	«Ұлы арман»- Махамбет шығармалары нан сурет салу	9	2		Мендеш Г
26	Тілеубаева Акмаржан	Махамбет оқулары	«Ел құтқарар ер едім...» Махамбет шығармалары	11	Макта у қағазы		Жалдыбекова С
27	Қуанов Бағлан	Ғ.Сұлтанов Математика олимпиадасы	Математика	8	3		Тайшыбай Алмағұл

		7-8 кл арасында					
28	Агайданова Акерке	Ауыл олимпиадасы	Ағылшын	9	өтті		Райскызы Нұрханым
29	Анатолиева Ильмар	Ауыл олимпиадасы	Биология	10	өтті		Мырзахан Батырхан
30	Бектаскызы Қаракат	Ауыл олимпиадасы	Биология	11	өтті		Мырзахан Батырхан
31	Бөлекбаева Света	Ауыл олимпиадасы	Биология	9	өтті		Мырзахан Батырхан
32	Еркінова Мөлдір	Ауыл олимпиадасы	Қазақстан тарихы	9	өтті		Санғалиева Гүлзат
33	Еркінова Меруерт	Ауыл олимпиадасы	Қазақ тілі әдебиеті	10	өтті	3	Мендеш Гүлзира
34	Мир – Ғалымұлы Ғалымжан	Ауыл олимпиадасы	Қазақстан тарихы	9	өтті		Жакупова Әсімхан
35	Орынбайқызы Нұрханым	Ауыл олимпиадасы	Биология	9	өтті		Мырзахан Батырхан
36	Рахметқызы Әсел	Ауыл олимпиадасы	Химия	9	өтті		Ануарбекова Алина
37	Таяуов Аян	Ауыл олимпиадасы	Қазақстан тарихы	9	өтті		Жакупова Әсімхан
38	Төреғалиева Лаура	Ауыл олимпиадасы	Ағылшын	10	өтті	2	Оразалина Назерке
39	Қуанова Таңшолпан	Ауыл олимпиадасы	Ағылшын	9	өтті		Райскызы Нұрханым
40	Аманов Думан	Пәндік олимпиада	География	11	3		Саркитбаева Уштап
41	Қылышбаев Әли	Пәндік олимпиада	Математика	10	1		Тайшыбай Алмагул
42	Рахметқызы Әсел	Пәндік олимпиада	Химия	9	3		Ануарбекова Алина
43	Бектаскызы Қаракат	Пәндік олимпиада	Қазақстан тарихы	11	3		Жанабергенова Гүлнур
44	Туреғалиева Лаура	Пәндік олимпиада	Ағылшын	10	1		Оразалина Назерке
45	Қуанова Таңшолпан	Пәндік олимпиада	Ағылшын	9	3		Райскызы Нұрханым
46	Еркінова Меруерт	Пәндік олимпиада	Қазақ тілі әдебиеті	10	3		Мендеш Гүлзира
47	Аққағазов Манас	Пәндік олимпиада	Математика	11	3		Доскулов Серғали
48	Еркінова Меруерт	Республикалық «Алтын түлек» математика олимпиадасы	Математика	10	3		Тайшыбай Алмагул
49	Бектаскызы Қаракат	Республикалық «Алтын түлек» математика олимпиадасы	Математика	11	3		Доскулов Серғали
50	Дәулетова Айнәзік	«Математика – ғажайып әлем»	Математика	4	3		Ерғалиева Самал
51	Еркінова Меруерт	Абай әлемі	Эссе байқауы	10	2		Мендеш Гүлзира
52	Көмекова Айсұлу	Абай әлемі	Эссе байқауы	8	1		Мендеш Гүлзира
53	Көмекова Айсұлу	Абай әлемі	Эссе байқауы	8		2	Мендеш Гүлзира
54	Тілеубаева Ақмаржан	Абай әлемі	Эссе байқауы	11	2		Бәсен Мұхит
55	Рахметқызы Әсел	Абай әлемі	Эссе байқауы	9	3		Бәсен Мұхит
56	Еркінова Меруерт	Мен таңдаған мамандық	Эссе байқауы	10	1		Мендеш Гүлзира

57	Еркінова Меруерт	Мен таңдаған мамандық	Эссе байқауы	10		3	Меңдеш Гүлзира
58	Еркінова Меруерт	Абайтану олимпиадасы		10	3		Меңдеш Гүлзира
59	Бергенова Гауһар	Абайтану олимпиадасы		11	3		Бәсен Мұхит
60	Қуандық Аяулым	Олимпиада	Көркем еңбек	6	2		Жуканова Наргул
61	Амангос Нәби	Пәндік олимпиада	Математика	5	3		Махамбетова Каракоз
62	Самбай Аллаберген	Пәндік олимпиада	Жаратылыстану	5	2		Саркитбаева Уштап
63	Қуанова Таңшолпан	«Шежірелі өлкемнің тарландары» зерттеу шығармалары байқауы	Зерттеу тақырыбы: «Елтоқ Сәрсенбайұлы» оның ел қадірлеген игі істері	9		2	Меңдеш Гүлзира
64	Қуанов Бағлан	Пәндік олимпиада	Математика	8	3		Тайшыбай Алмагул
65	Мағжанқызы Медина	Пәндік олимпиада	Қазақстан тарихы	8	3		Жакупова Әсімхан
66	Көмекова Айсұлу	Пәндік олимпиада	Биология	8	2		Мырзахан Батырхан
67	Арыс Әлианұр	Пәндік олимпиада	Ағылшын тілі	8	3		Райысқызы Нұрханым
68	Мирманова Інжу	Пәндік олимпиада	Қазақстан тарихы	7	3		Жакупова Әсімхан
69	Бөлекбаева Света	«Мамандықтар әлемін ашамыз» Республикалық форумның аудандық кезеңі		9	1		Санғалиева Гүлзат
70	Бөлекбаева Света	«Мамандықтар әлемін ашамыз» Республикалық форумның аудандық кезеңі		9		2	Санғалиева Гүлзат
71	Көмекова Айсұлу	Ақбота зияткерлік олимпиадасы		8			
72	Томирис	Ақбота зияткерлік олимпиадасы		8			
73	Қылышбаев Әли	Ақбота зияткерлік олимпиадасы		10			
74	Еркінова Меруерт	Ақбота зияткерлік олимпиадасы		10			
75	Бакбергенова Дильяра	Жарқын болашақ олимпиадасы	Өнші бұлбұл бағыты	7 Ә	3		Ажибекова Гүлнар
76	Қылышбаева Әмина	Жарқын болашақ олимпиадасы	Жас қаламгер	7 А	3		Ажибекова Гүлнар
77	Турегалиева Лаура	Жарқын болашақ олимпиадасы	Бейнелеушілер сурет салу	7 А	1		Ажибекова Гүлнар
78	Турегалиева Лаура	Жарқын болашақ олимпиадасы	Бейнелеушілер сурет салу	7 А		3	Ажибекова Гүлнар
79	Амангос Нәби	Достық олимпиадасы -2024	Қазақстан тарихы Математика Қазақ тілі Ағылшын	5	2		Жанабергенова Гүлнур Махамбетова Каракоз Бәсен Мұхит Оразалина Назерке

80	Самбай Аллаберген	Достық олимпиадасы -2024	Қазақстан тарихы Математика Орыс тілі Ағылшын	5	3	Жанабергенова Гулиур Махамбетова Каракоз Бәсен Мұхит
81	Дәулет Асқар	Достық олимпиадасы -2024	Қазақстан тарихы Математика Қазақ тілі Ағылшын	6	1	Санғалиева Гүлзат Махамбетова Каракоз Жалдыбекова Сандугаш Айниязқызы Гулдана
82	Қылышбаев Әли	Достық олимпиадасы -2024	Қазақстан тарихы Математика Қазақ тілі Ағылшын	6	1	Санғалиева Гүлзат Махамбетова Каракоз Жалдыбекова Сандугаш Айниязқызы Гулдана

2-БӨЛІМ. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ.

3.1 Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер:

2023-2024 оқу жылында 230 оқушы болды. Оның ішінде бастауыш білімде деңгейінде -96 оқушы, жалпы орта білім беру деңгейінде -134 оқушы білім алды. Үйден оқумен қамтылғаны оқушы жоқ. Сыныптардың саны 13. Мектеп алды даярлық сыныбында -21 тәрбиеленуші, 1 сынып болды.

3.2. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес 2023-2024 оқу жылында 2-11 сыныптарда сынып толымдылығы 24 және одан да артық болуына байланысты информатика, ағылшын тілі, көркем еңбек пәндері екі топқа бөлініп оқытылды.

3.3. Білім алушылар контингентінің қозғалысы.

Оқушыларды мектепке қабылдау бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 3 маусымдағы №275 бұйрығы негізінде іске асырылды.

Мектеп қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды 1-сыныпқа және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде 10-11 сыныптарға қабылдады.

2023-2024 оқу жылының сабақ кестесі

Сабақ кестесі 31.08.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңесте бекітілді. Сыныптардың сабақ кестесін жасауда білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ -76 бұйрығы, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, мектептің жұмыстық оқу жоспары, ұстаздардың оқу жүктемесі, сыныптар саны мен сыныптардың толымдылығы, сыныптың кіші топтарға бөлінуі, оқу кабинеттерінің саны, олардың сыйымдылығы туралы мәліметтер негізге алынды.

Сабақтардың ұзақтығы – 45 минут, Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан, қазан айынан бастап санитарлық қағидаларға сәйкес 45 минуттан өткізіледі.

Жалпы 2023-2024 оқу жылында 1-4 сынып бойынша 5 сынып комплектісі, барлығы қазақ сыныбы. 5- 9 сыныптар – 6 сынып комплектісі, барлығы қазақ сыныбы. 10-11 сыныптар -2 сынып комплектісі, барлығы қазақ сыныбы.

4- БӨЛІМ. ОҚУ –ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС.

4.1 Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің болуы және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі:

№2 Қарауылкелді орта мектебі 2023-2024 оқу жұмыс жоспары бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалды.

Мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары оқу –тәрбие процесін нормативтік –құқықтық база негізінде регламенттейді.

МЕКТЕПТІҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ІСКЕ АСЫРУ

Тәрбие жұмысы

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті

Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін; - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тындауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы: - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылған жобалар:

1. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
2. «Ұлттық мектеп лигасы»
3. «Оқуға құштар мектеп»
4. «Балалар және театр»
5. «Ұшқыр-ой алаңы»
6. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

“Еңбегі адал жас өрен” жобасы

1 –қыркүйек – Білім күні

«Мектебім–мейірім мекенім» атты *“Білім күні”* мерекесіне арналған салтанатты жиын болып өтті. Іс-шараға Байғанин аудандық білім бөлімінің басшысы Дабысов Мұрат Қосайұлы мен ардагер ұстазымыз Мұңайтбасова Бәтима Орынбасарқызы және Аудандық білім бөлімінің бас маманы Усербаева Жанаргүл Қайратовна мен ата-аналар мен білім алушылар қатысты.



25-Қыркүйек «Адал азамат – әділетті Қазақстан» атты сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларға адалдық пен әділдік туралы түсінік бере отырып ақиқат құндылығының мәнін ұғындыру. Адами қарым – қатынастағы адалдық пен қоршаған ортадағы, өмірдегі әділдіктің орны мен маңызы, туралы түсіндіру; Оқушылардың адалдық пен әділдікті, кішіпейілділікті дұрыс ұғына білу біліктіліктерін дамытуға ықпал ету.

26 - Қыркүйек «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларымыздың сыни тұрғыда ойлауын дамыта отырып, қиялын шарықтату, сөйлеу шеберліктерін жетілдіру; Қазіргі өмір талабына сай, білімді, мәдениетті, салауатты өмір салтын дәріптейтін, адамгершілігі мол азаматтар болуға үйрете отырып, патриоттық тәрбие беру.



18 - Қазан «Қайырымдылық» акциялары. Жәрменке

Жәрмеңкеге мектебіміздің 5,6,7-сынып оқушылары өздері дайындап әкелген тағамдарын сатылымға шығарды.

Мақсаты: өскелең ұрпақ арасында мейірімділік, қамқорлық сезімін қалыптастыру.



23- Қараша “Әкеге - ізет, анаға-құрмет” сынып сағаттары

4 а класында “Әкеге-ізет,анаға-құрмет” тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты: оқушылардың бойында ата-анаға деген ерекше жылы сезім қалыптастыру, ата-ананың бала өміріндегі ролін түсіндіру, ата-ананың бала өміріндегі ролін түсіну, ата-ананы құрметтей, сыйлай білуге тәрбиелеу.

Өткізген:С.Ергалиева



24- Қараша “Әкеге-ізет, анаға-құрмет” сынып сағаты

2 а класында “Әкеге-ізет,анаға-құрмет” тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты:оқушылардың ата-анасын құрмет тұтып, адал парасатты ұл мен қыз болуға тәрбиелеу. Ата-анасының берген жақсы тәрбиелерін нәтижелі етуге үйрету, қоғамға жат қылықтардан сақтандыру.

Өткізген:Өңешбаева Ә.Қ



16 - Қараша 4 а сынып оқушыларына «Ұлы дала перзентімін» тақырыбындасынып сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларға қазақстандық патриотизм идеясын дамыту. Аталардың батырлық дәстүрін, тарихын, ерлік істерін қастерлеп, рухын көтеру, үлгі тұту, мақтаныш сезімдерін ояту және оларға құрметпен қарау. Жас ұрпақты бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға, ерлікке, адал да батыл болуға тәрбиелеу.



19- Қараша Жолда жүру ережесіне байланысты бейнефильм көрсету “Жол жүрісі қауіпсіздігі апталығы” аясында 1-4 сынып оқушыларына жолда жүру ережелеріне байланысты бейнефильм көрсетілді.



20 - Қараша «Адал ұрпақ» клубтарының отырыстарын өткізу.

2023-2024 оқу жылында «Адал ұрпақ» еріктілер клубына мүшелікке оқушыларды салтанатты түрде қабылдау шарасы ұйымдастырылды. Шара барысында «Адал ұрпақ» еріктілер клубының мақсаты, жұмыс жоспары таныстырылды.



19 - Желтоқсан «Мен - еріктімін» акциясы

«Мен еріктімін» акциясы өтті. Акцияға мектебіміздің жанынан құралған «Қоғамға қызмет» еріктілер тобы мен «Өзін-өзі басқару» ұйымымен біріге отырып ауылымыздың қариялардың үйлеріне барып көмектерін көрсетті. **Мақсаты:** қарияларға көмек көрсету, еңбек ету қажеттілігін, әр түрлі еңбек қызмет түрлеріне, үй шаруасындағы міндеттерге саналы жауапкершілікті және шығармашылық қатынасты қалыптастыру.



18 - Қаңтар «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» сыныптан тыс іс-шара

«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» тақырыбында қолөнер бұйымдарын жасады.

Мақсаты: Еңбек тәрбиесі арқылы баланың әдет-дағдысы және ынталығы, байқампаздығы, айнала қоршаған өмірге қызығушылығын дамыту.

Адамгершілік қасиеттерімен бірге іскерлік, еңбекке мәдениеттілік қасиеттерін қалыптастыру. Бұл бала үшін күрделі техника, бірақ нәтижесінде еңбектің ақталғанын көрудің өзі балалар үшін ерекше әсер етті.



23-Ақпан “Өзінді мамандықтар әлемінде тап”

8-11 сынып оқушыларының қатысуымен “Өзінді мамандықтар әлемінде тап” тақырыбында танымдық сабақ өтті.

Мақсаты: оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру.



1-Наурыз “Алғыс айту парызым” сынып сағаты

1 “а” сыныбында 1 наурыз -Алғыс айту күніне арналған “Алғыс айту-парызым” атты сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларға сыйластық, ризашылық, алғыс туралы түсіністік беру. Оқушыларды ата-аналарын, ұстаздарын құрметтеуге және әділеттілікке, ізеттілікке тәрбиелеу.



12 наурыз күні «Үміт сәулесі» тақырыбында акция өткізілді. Акцияға мектебіміздің жанынан құралған “Қоғамға қызмет” еріктілер тобы мен “Өзін-өзі басқару” ұйымы оқушылары белсене қатысты.

Максаты: оқушылардың бойында мейірімділік, қайырымдылық қасиеттерін қалыптастыру.

28 наурыз күні «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» тақырыбында қолөнер туындыларын дайындау байқауы өткізілді.

Максаты: оқушыларды еңбекке баулу, ата ананың игі қасиеттерін бойына сіңіруге үлес қосу



28 сәуір күні «Табиғат тамашалары» тақырыбында «Таза Қазақстан» жобасы аясында тал көшеттері отырғызылды. Акцияға мектебіміздің ұстаздары мен оқушылары белсене қатысты.



13 мамыр «Құстарға ұя жаса» акциясы аясында 1-5 сынып оқушылары арасында сынып жетекшілері мен оқушылар, олардың әкелері бірлесе отырып құстарға ұя жасап, мектеп ауласындағы талдарға іліп, құстарға мейірімділік танытты.

Мақсаты: Экологиялық білім мен тәрбиені насихаттау, құстарға қамқорлық жасау, табиғатты аялай білу, құстарға көмек беруге баулу



“Ұлттық мектеп лигасы” жобасы

✓ Ұлттық лиганың мақсаты - оқушыларды дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту.

✓ Ұлттық лиганың міндеттері:

- білім алушылар арасында бұқаралық спорт түрлерін танымал ету және спортта дарынды балаларды анықтау;

- мектеп оқушылары арасында спорт түрлері (баскетбол, футбол, волейбол, тоғызқұмалақ, футзал, шахмат, асық ату – бес асық, жеңіл атлетикалық кросс, гандбол, үстел теннисі) бойынша тұрақты спорттық жарыстар ұйымдастыру және өткізу;

- салауатты өмір салтын қалыптастыру.

✓ Ұлттық лиганың алғашқы ойыны "Асық ойынымен" басталды.



“Ұлттық мектеп лигасы” жобасы аясында қазан айында 7-8 сыныптар аралығында «Тоғызқұмалақ» ойыны ұйымдастырылды.

«Тоғызқұмалақ» - ойыны терең ойды талап ететін ұлттық ойындардың бірі.

Тоғызқұмалақ – қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны.

Нәтижесінде ұлдар арасында
Қуанов Бағлан жүлделі I орын
Серікбаев Мәди II орын
Орынбасар Өркен III орынды иеленді.
Қыздар арасында
Сәндібаева Дариға I орын
Орынбасар Аружан II орын
Бақберген Дильяра III орын иеленді



ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ

Қараша айының 17 күні №2 Қарауылкелді орта мектебінің командасы аудандық ұлттық мектеп лигасына қатысып, «Асық атудан» жүлделі II орын иеленді.



ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ

Желтоқсан айының 13 күні №2 Қарауылкелді орта мектебінде «Ұлттық мектеп лигасы» аясында «Үстел теннисінен» ойын ұйымдастырылды.



«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»

Қаңтар айының 18 күні “Әкем, анам және мен” тақырыбында 7а,7ә сынып оқушылардың және ата-аналарының қатысуымен қазақтың ұлттық ойындарынан спорттық сайыс өтті




“Әкем, анам және мен”
қазақтың ұлттық
ойындарынан спорттық
сайыс



“Әкем, анам және мен”
қазақтың ұлттық
ойындарынан спорттық
сайыс





«Волейбол» ойыны

Ақпан айының 26 күні 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен “Біз салауатты өмір сүреміз” тақырыбында волейбол жарысы өтті.



«Ұлттық ойын – ұрпаққа мұра» ұлттық ойын

Наурыз айының 15 күні 6-8 сынып оқушылары арасында “Ұлттық ойын - ұрпаққа мұра” тақырыбында ұлдар асық атуда, қыздар бес асық ойындарынан жарыс өтті.

Асық ойыны баланың жүйке - жүйесін қалыптастырады, ой өрісін және көк жиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін арттырады.